

Концентрациясы жол берілетін шектен асқан ашытқыларды сату туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік санитарлық бас дәрігерінің 2002 жылғы 27 тамыздағы N 12 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 9 қазанда тіркелді. Тіркеу N 2001. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитеті төрағасының 2010 жылғы 3 қарашадағы № 305 бұйрығымен.

Күші жойылды - ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитеті төрағасының 2010.11.03 № 305 бұйрығымен.

КЕЛІСІЛГЕН

Қазақстан

Республикасының Ішкі істер жөніндегі

Бірінші вице-Министрі

КЕЛІСІЛГЕН

Қазақстан Республикасы

Кедендік бақылау Агенттігінің Төрағасы

КЕЛІСІЛГЕН

Қазақстан Республикасы

индустрия және сауда министрлігінің

стандарттау,

метрология және

сертификаттау

Комитетінің Төрағасы

"__" _____ 2002 жылы " __ " _____ 2002 жыл _____

" __ " _____ 2002 жыл

Республика базарында уыттылығы жоғары заттарының концентрациясы жол берілген шектен 10-нан 50-ге дейін есе асқан, Қытай Халық Республикасы өндіретін ашытқыларды сатуға байланысты аса қолайсыз ахуал қалыптасты.

Республика қалаларының базарлары мен сауда ұйымдарында сатылатын Қытай Халық Республикасы өндіретін кептірілген ашытқыларды зерттеу нәтижесінде: "Ангел" ашытқысының құрамындағы мышьяк шекті жол берілген концентрациядан 2,8-50 есе, кадмий - 11 есе, мырыш 10 есе; "Веселый повар" ашытқысында - мышьяк ШЖК-дан 3,5-9,6 есе, кадмий 4 есе, мырыш 10 есе; "Идеал" ашытқысында - мышьяк 3,95 есе, кадмий 3,6-3,85 есе; "ФАО" ашытқысында мырыш 2,4 есе, мышьяк 2,8-50,2 есе, кадмий 3,6-3,85 есе артық екендігі анықталды.

Қытай Халық Республикасы өндіретін аталған ашытқыларды пайдаланудың нәтижесінде Қазақстан Республикасы халқының арасында уыттану, жіті әрі созылмалы улану жағдайлары пайда болуының алдын алу мақсатында және "Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы" Z942000_ Қазақстан Республикасы Заңының 15, 16, 17-баптарын басшылыққа ала отырып, қ а у л ы е т е м і н :

1. Азық-түлік шикізаттары мен тамақ өнімдерін сатып алумен және сатумен айналысатын барлық шаруашылық жүргізуші субъектілер, жеке және заңды тұлғалар меншіктік нысанына қарамастан:

ашытқы қосылған өнімдердің сапасын ведомстволық өндірістік бақылауды күшейтсін.

2. Облыстардың, Астана, Алматы қалаларының, көліктегі Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерлеріне:

1) Қытай Халық Республикасы өндіретін "Ангел", "Веселый повар", "Идеал" және "ФАО" ашытқыларының, сапасы мен адам денсаулығына қауіпсіздігін дәлелдейтін ілеспе құжаттарынсыз барлық сауда, тамақтану және азық-түлік өнеркәсібі объектілерінде сатылып таратылуына тыйым салынсын;

2) ішкі істер, Мемстандарт органдарын тарту арқылы түбегейлі шаралар қабылдай отырып және оларды сатуға тыйым сала келе ашытқыларды сататын объектілерге кешенді тексеру жүргізілсін;

3) аумақтардың әкімдерін, облыстардың Ішкі істер басқармаларын, Кеден басқармаларын хабарландыру арқылы аталған өнім түрлерінің экспорты мен саудалану фактілерін анықтауға және жібермеуге мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау органдары мен мекемелеріне көмектесудің қажеттілігі жеткізілсін;

4) Қытай Халық Республикасы өндіретін "Ангел", "Веселый повар", "Идеал" және "ФАО" ашытқылардың сатылатын жерлерге тұрақты түрде қатаң бақылау орнатсын;

5) қаулыны ашытқыларды сатумен айналысатын барлық шаруашылық жүргізуші субъектілер мен жеке тұлғалардың назарына жеткізсін, бұқаралық ақпарат құралдарын тарта отырып, іс-шараларды өткізудегі жариялылықты қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау Агенттігіне:

Қытай Халық Республикасы өндіретін "Ангел", "Веселый повар", "Идеал" және "ФАО" ашытқылардың сапасы мен қауіпсіздігін куәландыратын ілеспе құжаттарсыз Қазақстан Республикасына әкелінуінен тұтынушылардың мүдделерін қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асыруда Қазақстан Республикасы кеден органдарының қатысуын қамтамасыз ету және сатылуына тыйым салудың шаралары қолға алынсын.

4. Қазақстан Республикасы индустрия және сауда министрлігінің стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі Комитетіне:
Қытай Халық Республикасы өндіретін "Ангел", "Веселый повар", "Идеал"

және "ФАО" ашытқыларды сатуды жүзеге асыратын объектілерді кешенді тексеруге қатыссын.

5. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау Комитеті:

қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігінде заңды тіркеуге ұсынсын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау Комитетінің төрағасы В.А.Меркерге жүктелсін.

7. "Қазақстан Республикасы халқының санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы"

Z 9 4 2 0 0 0 _

Қазақстан Республикасы Заңының 18 бабының негізінде осы қаулының міндетті күші бар.

Қазақстан Республикасының
мемлекеттік санитарлық
Бас дәрігері

Мамандар:

Омарбекова А.Т.

Икебаева А.Ж.